

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2025 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 6653 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 107-бабына, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 17-3) тармақшасына және "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 17 қазандағы № 446 бұйрығына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Шымкент қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2025 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Шымкент қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2025 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Шымкент қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2025 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және

құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді;

2) осы қаулыны алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "___" _____
№___ қаулысына 1-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2025 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы

р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленетін квотаның мөлшері (%)	Жұмыс істейтін ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы адамдардың саны	Жұмыс орындарының саны (адам)
Барлығы		800	1%	0	12
1	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№2 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы"	161	1%		2

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі			0	
2	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№7 үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	154	1%	0	2
3	Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шымкент қаласының №10 күрес түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	70	1%	0	1
4	Жеке мекеме "М.Сапарбаев институтының "Парасат" колледжі"	125	2%	0	3
5	"Ер-АНА" Медициналық орталығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	95	1%	0	1
6	"SM texstil" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	95	1%	0	1

7	"Zhaily meken" қоғамдық бірлестігі	50	1%	0	1
8	Жеке кәсіпкер " Эверест"	50	1%	0	1

Шымкент қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "____" _____
№____ қаулысына 2-қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін
2025 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы**

p/c	Жұмыс берушінің атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленетін квотаның мөлшері (%)	Жұмыс істейтін бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың саны	Жұмыс орындарының саны (адам)
Барлығы		4540	1-2%	14	44
1	Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының "Әл-Фараби" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	385	1%	0	4
2	Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының "Еңбекші" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	280	2%	3	3
3	Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының "Қаратау" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	429	1%	0	4
	"Шымкент қаласының				

4	энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қуатжылуорталық - 3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	932	1%	6	3
5	"ВИЗ и Т алкогольсіз сусындар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	230	1%	0	2
6	"Таза өлке" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	260	1%	0	3
7	"Алтын-Дан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	180	2%	0	4
8	"Кока-Кола Алматы Боттлерс (Шымкент)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	134	2%	0	3
9	"Shymkent temir" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	500	2%	4	6
10	"Туркестанская транспортная компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	680	1%	0	7
11	"Т-Вus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	250	1%	0	3
12	"АРТ-Құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	230	1%	1	1

13	"Текстильная фабрика В.А.Е.Р " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	0	1
----	---	----	----	---	---

Шымкент қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "___" _____
№___ қаулысына 3-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа оналастыру үшін 2025 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы

p/c	Жұмыс берушінің атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленетін квотаның мөлшері (%)	Жұмыс істейтін пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың саны	Жұмыс орындарының саны (адам)
Барлығы		4348	1-2%	12	52
1	Шымкент қаласының Абай ауданы әкімі аппаратының "Абай" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	384	2%	0	8
2	Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының "Әл-Фараби" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	385	2%	2	6
3	Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының "Қаратау" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	429	1%	0	4
4	Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының "Еңбекші"	280	2%		6

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі			0	
5	"Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қуатжылуорталық - 3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	932	1%	6	3
6	Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының "Жасыл белдеу" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	106	1%	0	1
7	"ВИЗ и Т алкогольсіз сусындар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	230	1%	0	2
8	"Таза өлке" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	260	1%	0	3
9	"Кока-Кола Алматы Боттлерс (Шымкент)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	134	2%	0	3
10	"Shymkent temir" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	500	2%	3	7
11	"АРТ-Құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	230	1%	1	1

12	"Текстильная фабрика В.А.Е.Р" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	0	1
13	"Gold Aluminum" (Голд Аллюминум) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	170	2%	0	3
14	"Оңтүстік құрылыс-сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	118	1%	0	1
15	"Easy Pack Technology" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	90	2%	0	2
16	"Альянс Траст" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	1%	0	1